

Бекітілді

№ 17 бөбекжай-бақша директоры

М.А.Кунасова

№ 1 педагогикалық кеңес

02.09.2020 ж



**2020-2021 оқу жылының «Табиғатты аялайық» тақырыбындағы
вариативтік компонентінің перспективтік жоспары
Ересек қазақ «Күншуақ» тобы**

Экологиялық тәрбие

Балалардың ойлау тұтастығын яғни, табиғатты қорғау көзқарасын дамыту үшін жыл мезгіліне сай жүйелі, мақсат міндеті айқындалған экологиялық тәрбие жұмысын оқу жылының өн бойында жүргізіліп отырады. Экологиялық тәрбие берудің басты мақсаты бала бойында азаматтық борыш, ғылыми білім, көзқарас пен сенім жүйесін орнықтыру болып табылады. Бұл қоршаған ортамен қарым-қатынаста тәртіптілік, ұқыптылық ережелерін орындау, табиғатты аялап, оған қамқорлық таныту қабілетін дамытуға негізделген. Экологиялық тәрбие жұмысын осындай міндеттерді атқарта отырып, жүзеге асырады.

Мысалы:

- Балаларды өсімдіктер мен жануарларды күтіп-бағуға балу, Олардың бойында қабілет пен икемділікті орнықтыру;
- Табиғаттың сан-алуан сырлары мен байлықтары жөнінде эстетикалық және ұлтжандылық сезімдерін дамыту;
- Табиғатта барлық нәрсенің бір-бірімен өзара байланысты Болатынын түсіндіру және осы байланысты күнделікті өмірде Ескеру қажеттігін үйреніп отыру.

Міне осы міндеттердің барысында балалардың экологиялық таным-түсінігін тереңдетіп, олардың табиғатқа деген жаңа мәдени қарым-қатынасын бекітеді. Мұндай жұмыс түрі балалардың физиологиялық даму, психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, әдіс-тәсілдерді шебер пайдаланып, шығармашылықпен жұмыс істейтін тәрбиеші басшылығымен жүргізіледі. Оқу жоспарында экологиялық тәрбие жұмысын бір рет өткізуге болады. Жыл мезгілінің ерекшелігіне орай күзгі табиғат құбылысы (жанбырдың жаууы, адамдардың пайдалы іс-әрекеті, ауладағы жапырақтарды жинау, жылы жаққа ұшатын құстарды бақылау т.б).Қыстап қалған құстарға қамқорлық, табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен құстарды күту, балыққа жем беру.Көктемде ұшып келетін құстарға үлкендер көмегімен дайындалған ұяларға жем шашу, ауладағы гүл,көкөніс өсімдіктерін өсіруге жәрдем беру.Бүршік жарған ағаш бұтақтарын (бұтақ,бүршік, өсімдік т.б) мағынасына сай түсіндіру.Наурыз мерекесі қарсаңында жас шыбықтар отырғызып ,оны күтуді күнделікті әдет-дағдыға

айналдыру . Көктемнің әдемі келбетін жырлайтын өлең жолдарын әнге қосу ,психологиялық дайындық жұмыстарын жүргізу ,сөзжұмбақтар шешу, дидактикалық қимылды ойын түрлерін пайдалану, өз ойларын табиғат көрінісінің суретін салып,әңгімелеп айтып беру.Жаз кезінде тәрбиешілердің ұйымдастыруымен өзен-көл жағасына,баққа,гүл алаңына барған кезде,айналаның тазалығына мән беру.Бұл әр баланың жауапкершілік дағдысын, ұжымдық бірлігін арттырады. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын

адамгершілік,эстетикалық,еңбек ,имандылық тәрбиелерімен сабақтастыра жүргізу басшылыққа алынады. Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізуде оқытудың негізгі формалары бақылау,қызықтау ,серуен т.б қамтылады.Бақылауда табиғаттағы құбылмалы ауа-райын,күстың жемге келуін,мысалы аула сыпырушының қар күреуін т.б

Қызықтау кезінде балаларды таза ауада,көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтеріңкі көңіл күймен қатар,табиғат сұлулығын сезіне білуінеәсер етеді .Ал серуен кезінде тәрбиеші балаларды табиғатпен таныстырып ,өсімдіктерге су құю қураған жапырақтарды бір жерге жинау,өсімдіктерді суару ,ағаш түптерін тазалау т.т сияқты қарапайым еңбек түрлеріне қатыстырады.Мұндай еңбек түрлерінорындау балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытып ,ынтасын арттырады.Нәтижесінде өсімдіктерді жұлмауға ,құстарды қорғай білуге дағдыланады,өздерінің мұның пайдалы іс-әрекетімен құрбыларына да ықпал жасайды.Экологиялық тәрбиенің балалар табиғатқа жанашырлық,қамқорлық және еңбекқорлық,белсенділік ұқыптылық сияқты дағдыларды меңгереді.Көбіне балалармен дидактикалық ойындар табиғат жөніндегі түсініктерін бекітеді.Бала тәрбиесінде өзіндік орны бар жаңылтпаш,мақал-мәтелдерді орынды пайдалану баланың қоршаған орта,табиғат туралы ой-өрісін дамытып,тілін ширатады.

Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізуде басшылыққа алатын тақырыптар,жұмыс дәптері толықтырылып,әр тоқсанға бөліп ұйымдастырудың күнтізбелік жоспары беріліп отыр.

«Күншуақ» ересек қазақ тобының «Табиғатты аялайық» тақырыбында вариативтік компонентінің перспективтік жоспары.

Р /с	Тақырыбы	Мақсаты	Дидактикалық ойындар	Пайдаланатын құралдар, әдебиеттер	Сағат саны
1	Күз сары ағаштары мен желбіреп келеді	Балаларды табиғаттың күзгі көріністерін тамашалай білуге тәрбиелеу. Күз ерекшеліктерін байқай білуге тәрбиелеу. Күз ерекшеліктерін байқай білуге әсемдігін сезіну, түсіну, тамсану, жапырақтарына қарай (қайың, терек, иқарағаш) атай білуге үйрету. Табиғатты қорғай білуге үйрету.	«Қай ағаштың жапырағы?» «Осындай ағашты тап» «Осындай жапырақты тап»	Серуендегі бақылаулар. Кептіруге жапырақтарды дайындау	1
2	Бауда ма? Бақшада ма?	Жеміс-жидек, көкөністерді бағалай білуге тәрбиелеу. Олардың қайда, қалай өсетіні туралы білімдерін кеңейту. Көкөністің түр-түсі, дәмі, көлемі, аттары туралы білімдерін бекіту, оларды ауызша суреттей білуге үйрету. Күздегі адамдар еңбегін бағалап айтуға дағдыландыру. Бақта не өседі? Бақшада не өседі? Айыра білуге үйрету.	Кім шапшаң? Бақта, бақшада өсетін жеміс көкөністерді айыру.	«Не деп барып жеу керек?» Өлеңді жаттау. Жұмбақ шешу.	1
3	Астық қалай нан болады? Нансыз тамақ ас болмайды. Адамдардың күз айларындағы жұмысы.	Нан қадірін білуге тәрбиелеу, нан өсіру маңызды іс екенін көрсету, ол көптің еңбегі екенін, қалай дастарханға жететінін көрсету, нанды ардақтай білуге тәрбиелеу. Күздің ерекшелігін аңғарып, адамдар бақта, егіс даласында, паркте қандай жұмыстар істеп жатырғандары жөнінде сурет бойынша әңгіме айтуға үйрету. Балалардың экологияға деген сүйіспеншілігін арттыру	«Не артық» «Суретші нені шатастырды?»	Мақал жаттау. Нан астық атасы Даладан дастарханға келген жолын көрсету. Жұмбақтар.	1

4	Құстар сіздің досыңыз. Қыстап қалатын және ұшып кететін құстар мен танысу.	Өз өлкеміздегі табиғатқа назар аудару, қызығушылықпен қарау. Ұшып кететін және қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту, жергілікті құстармен таныстыру: қарлығаш, қараторғай, бозторғай, көкек т.б. Қыстайтын құстар: сауысқан, қарға, суықторғай, кептер. Оларға біз қамқор болу үшін ұя жасап, жем шашып қарауға үйрету. Судың құнын білуге. Бостан босқа ағызбай, ластамауға тәрбиелеу. Судың тіршілікке мәні зор екенін көрсету, сусыз өмір жоқ. Ойландыру адам сусыз өмір сүре алады ма? Не ішеміз, не жейміз. Сусыз ешнәрсе істей алмаймыз. Суды бағалау керек. Төкпей, шашпай пайдалану керек.	Не қалай дыбыстайды? Ненің «құйрығы»? Экологиялық дәптермен жұмыс. Сусыз өмір сүре алмайтын жәндіктің суретін салу	Серуендегі құстарды бақылау Жұмбақ шешу «Жылт-жылт еткен, жырадан өткен» (Су)	1
5	Жәндіктер қалай өмір сүреді? (шыбын, маса,)	Шыбын шіркейлер күзде ағаштар қуысында тығылып жоқ болып кетеді. Салқынға шыдамайды. Шыбын-шіркейлердің де өз өмірі бар екенін әңгімелеп айту.	Суретшінің қатесін тап суретке қарап атын ата (жәндіктер суреті)	Ерте, ерте, ертеде 2001ж 22 бет ертегі оқу. Жұмбақ шешу.	1
6	Табиғи материалдарды жинау.	Шырша дәндерін, ағаш жапырақтарын, гүлдердің тұқымдарын жинап кептіру жолдарын үйрету.	Дәндеріне қарап ағашын ата		1
7	Табиғатты ажырата біл Викторина	Жылдың төрт мезгіліне сай суреттерді қарап ажыратуға үйрету, несімен ерекшеленеді, әр жыл мезгілінің өзіне тән жақтарын айтқызу.	Кім шапшаң? Экологиялық дәптермен жұмыс.	Бұл қай мезгіл? Тақпақтар оқу. Біздің кітап жыл 12ай	1

8	Шыбықтар егу	Жас шыбықты бос жерлерге отырғызу	Суретіне қарап ағаштарды айыра ата.		1
9	Күзгі бақта	Алтын күз деп неге айтамыз? Алтын күз тақырыбын тереңдету	Сипа да тап. Иісіне қарап тап.	Жұмбақтар, тақпақтар	1
10	Күзді шығарып салу	Күз мезгілінің соңғы айы, Өзгешеленген сұрақ-жауап, әңгімелеу. Қыс жақындап келеді.	Кім шапшаң? Көңілді бақта	Жұмбақтар, тақпақтар	1
11	Алақай қыс келді	Қыс несімен қызықты? Қар опасынан сырғанақ жасау, түрлі бейнелер жасау. Қызықтап ойнауға үйрету.	Суреттің қатесін тап.	Экологиялық дәптермен жұмыс. Сырғанақ өлең оқу.	1
12	Орман көркі ағаштар	Туған өлке орманы, ондағы ағаштардың түрлері туралы түсініктерін қалыптстыру. Ормандағы ағаштарды қорғауға, табиғатқа қамқорлық көзқараспен қарауға тәрбиелеу. Экологиялық ережелерді сақтауға үйрету. Ағаштарды бұталарына қарап ажыратуға үйрету.	Тұқымына қарап немесе жапырағына қарап ағашты тап.	Ағаштар суреттері. «Ормандағы өлең» Авт. Б.Кірісбаев	1
13	Құстардың қысқы тіршілігі	Балалардың қыс мезгілінде құстарға қамқорлық жасауға деген белсенділігін арттырып, қамқорлық көзқарасын дамыту. Құстардың қысқы тіршілігін бақылау. Құс-табиғат байлығы. Оларды қорғай білу керектігін үйрету.	Қай құстың қанаты екенін тап. Экологиялық дәптермен жұмыс.	Әңгіме “Қайтпай қалған қарлығаш”. Қыстайтын құстар суреті.	1
14	Табиғатты қорғаудағы халық болжамдары	Туған өлкенің табиғатын қорғау, халық болжамдары жөнінен түсінік беру. Халық болжамдарының өз тәжірибелерінде пайдалана білуге үйрету, балалардың сөздік қорын молайту.	Экологиялық дәптермен жұмыс. Ырым сөздер жинағы	Жұмбақ, мақал мәтелдер жинағы.	1

15	Табиғат әсемдігі	Қазақстан суретшілерінің жұмыстарына қаратып, әсерлі әңгімелету. Табиғаттың әсемдік сезімін бақылай білуге баулу, оны қорғауға тәрбиелеу.	Ойлап тап ,ол қалай?	Бұл қай мезгіл? Тақпақтар оқу. Біздің кітап жыл 12ай	1
16	Табиғат бұрышындағы еңбек	Тамырланған бөлме гүлдерін отырғызуды үйрету. Бөлме гүлдерін отырғызуды үйрету. Бөлме гүлдерін күту, оның пайдасын түсіндіру.	Суретіне қарап ағаштарды айыра ата.	Үй гүлі.	1
17	Аквариумдағы балық тіршілігі	Табиғат бұрышындағы балық тіршілігі, оның тіршілігін түсіндіру, әңгімелеу.	Сипа да тап. Иісіне қарап тап.	Жұмбақтар, тақпақтар	1
18	Ойын-сабақ. Экологиялық көрме	Туған елінің табиғатына деген сүйіспеншілікке, күте білуге тәрбиелеу. Жануарлар мен өсімдіктер.	Кім шапшаң? Көңілді бақта.	Жұмбақтар, тақпақтар	1
19	Тәжірибе сабағы. Қар ериді, су болады.	Қоршаған айналаны бақылауға, күте білуге, зейін қойып бақылауға үйретуді жалғастыру. Қоршаған ортаға деген қызығушылығын туғызу. Тәжірибеге зейін қойып бақылауға, мұздың суға айналуына назар аударуға, табиғи арасындағы қарапайым байланысты анықтауға үйрету.	Салқын – жылы. Дәл түсір. Қарды домалатып лақтыру.	Күнделікті серуендегі бақылау. Тақпақ жаттау.	1
20	Танымал сабақ. Қызанақ, ащы бұрыш тұқымдарын отырғызу	Өз ниетімен өсімдікті тұқымнан өсіп-өндіруге құштарландыру. Көкөніс тұқымынан жетілетінін еске түсіріп, олардың тұқымдарынан айыра білуге үйрету. Үлкен кішілігін көрсетіп өсіп-өну үшін қажетті жағдайлар (ылғал, күн, жарық, су, құнарлы жер) болу керектігін үйрету. Жәшікке қара топырақты үгітіп қалай салуды көрсету.	Бұл қай кезде болады? Жұмбақ шешу.	Жәшік, қара топырақ. Ащы бұрыш, қызанақ тұқымдары.	1

21	Қар опасынан өздеріне ұнаған сүйікті жануарлар бейнесін жасату	Қарды ұйып опалай отырып, үңгірлеуге, сүйірлеуге, домалақтау әдістерімен орман қоянын, аюды мүсіндеуге үйрету ,жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	Өзіне ұнаған жануарыңды дауыста.	Серуен қар опасын қызықтау. Жұмбақтар айту.	1
22	Қысты шығарып тастау мерекесі	Жұмбақ, тақпақ, жаңылтпаштарды айта отырып, қыс мезгілін шығарып салу,түрлі ойындардан жарыс ұйымдастыру.	Кім шапшаң? Бұл қай кезде болады? Суреттен қыс мезгіліне сай көріністі тап.	«Қыс» А.Құнанбаев	1
23	Наурыз-жыл басы	Наурыз-жыл басы, күн мен түннің теңелуі,табиғатқа қамқорлық мерекесі екені жөнінде түсінік беру. Баланы еңбек сүйгіштікке,бақылай білу дағдысының дамуын тәрбиелеу.	Бұл қай мезгіл?	«Наурыз» Ә.Табылдиев Экологиялық дәптермен жұмыс	1
24	Қаламыздың тазалығын сақтаймыз	Серуен кезінде көшедегі қар суын , қоқыстарды тазалайтын адамдардың еңбегін қарау, ағаш кесуші , ағаштарды отырғызушы жұмыстарын қарап , бізде осылай еңбек жұмысына араласып , көмектесуіміз керектігін үйрету. Қала таза болу үшін бәрімізде еңбек етуіміз керек екенін айтып,түсіндіру.	Серуен Бақылау		1
25	Құстар біздің досымыз	Құстар және олардың көктемдегі тіршілігі, табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Құстарға деген қамқорлық сезіміне және оларға жағдай жасауға үйрету.	Суретке қарап атын ата.	Әліппе дәптерімен жұмыс. Суретпен жұмыс сұрақ - жауап.	1

26	Участокке ағаш көшеттерін отырғызу	Бақша ішіндегі бөлінген жерге тамырланған ағашты отырғызуды көрсету.		Жұмбақтар.	1
27	Топта көкөніс өсіреміз	Топта табиғат бұрышында ыдысқа қара топырақты салып, (орамжапырақ, қызанақ, қиярдың) тұқымдардың дәндерінен тамыр шықса соны қара топыраққа отырғызуды үйрету.	Тұқымына қарап ажырат.	Жұмбақ шешу.	1
28	Дәнінен жемісіне дейін	Балалардың өсімдіктердің дәнінен жемісіне дейінгі өсу және даму жолдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғат бұрышында еңбек әрекеттерін ұйымдастыру және күнтізбемен жұмыс істеу дағдылары дамыту.Бақылау кезінде өсімдіктердің дәнінен жемісіне дейінгі өсу жолын бақылауға , еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	Дәнінен жемісіне дейін.	Табиғат күнтізбесімен жұмыс.	1
29	Құстарды қалай қуанттым?	Жасаған ұяны ағашқа апарып іліп , келген құстардың ұядан жем жеуін қарап, құсқа қамқор болып , қуантқандарын көре білуді үйрету.		Ұя Жұмбақтар Тақпақтар	1
30	Дәстүрден тыс сабақ Емдік шөптермен танысу	Топтардағы бөлінген жерге сирен ағашының көшетін немесе жолжелкеді отырғызуға үйрету.Бұл емдік шөптер,ағаштар екенін айту, емдік ағаш қасиетін түсіндіру.	Исін сезіп айт.	Бақша қасындағы сирень ағашты айту	1
31	Бақша айналасындағы тазалық жанашырымыз	Бақша айналасындағы егілген жас ағаштарға су құйып, қарауға (үлкендер көмегімен)		Бақылау Серуен	1

32	Туған елдің көктемі	Жыл мезгілі туралы балалардың түсінігін молайта отырып , Тақпақтың сөзін анық айта отырып жаттауға үйрету. Тіл ұсталықтарын дамыту.		Оқып, ойнап ән шырқайық. І.Мәмбетов 33 бет	1
33	Көктемді шығарып салу мерекесі	Көктем аяқталды, енді жарқырап жаз келеді. Тақпақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар айту жарыс ұйымдастыру.		Жұмбақтар, өлең-тақпақтар жинағы	1
34	«Бақша айналасындағы тазалық жанашырымыз»	Бақша айналасына жақсы көзбен қарауға, Қоқыстарды лақтырмай, ағаштарды сындырмай,тазалықты сақтау.		Экологиялық дәптермен жұмыс	1
35	«Туған қаламыздың көктемі» (Тақпақ жаттау)	Көктем бізге кеш түседі. Наурыздың аяғына дейін қар жатады. Біз көкөністердің тұқымдарын үй ішінде өсіреміз, көп уақытқа дейін қалың киімімізді шешпейміз т.б. ерекшеліктерді балалар ұғымына бере отырып үйрету. Оңтүстікке қарағанда бізде қыс кеш кетеді, көктем кеш келеді.	«Бұл қай кезде болады?»	Экологиялық дәптермен жұмыс	1
36	Көктемді шығарып салу мерекесі	Көктем аяқталды, енді жарқырап жаз келеді. Тақпақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар айту жарыс ұйымдастыру.		Жұмбақтар, өлең-тақпақтар жинағы	1
Барлық сағат саны					36

